



**ОБЛЫС ПЕДАГОГТАРЫ
АРАСЫНДАҒЫ «БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ»
ОБЛЫСТЫҚ КОНКУРС ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Аталған Ереже «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мен «Нұр Отан» партиясының «Балаларға арналған тегін IT-сыныптар» бастамашыл жобасын жүзеге асыру шеңберіндегі жоғары технологиялық білім сапасын жасау бойынша облыс педагогтарына арналған «Болашаққа қадам» облыстық конкурсты ұйымдастыру және өткізу шарттарын анықтайды (бұдан әрі – Конкурс).

1.2. Конкурс «Jastar time» 8-ші облыстық IT фестивалі аясында өткізіледі.

2. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, МӘНІ

2.1. Конкурс мәні педагогтардың:

- ғылыми-техникалық шығармашылық бойынша оқушылармен жұмыстың үздік педагогикалық технологиялары мен әдістерін қамтитын;
- инженерлік мамандықтарды өз бетімен тандауға оқушыларды бейімдеу мақсатында жоғары технологиялық ортаны қолдану бойынша идеялары бар үздік жобаларын іріктеу және анықтау болып табылады.

2.2. Конкурс келесі мақсатта өткізіледі:

- оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын келешекті бағыттауды әзірлеу мақсатында білім беру мекемелерінің және жеке педагогикалық қызметкерлердің инновациялық мүмкіндігін анықтау;
- технологиялық мәселелердің кең шоғырын шешуге бағытталған инновациялық идея авторларын, педагогтарды қолдау және анықтау, ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту үшін озық идеяларды енгізу;
- педагогтардың цифрлық тұрғыдан ойлау қабілеттерін қалыптастыру, IT-бағытты енгізу режимінде қызмет ететін мұғалімдердің қызығушылығын арттыру.

- жоғары технологиялық IT білім ортасын құруда бірлескен кәсіби қызметке педагогикалық қызметкерлерді тарту.

2.3. Конкурс міндеттері:

- оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығы және IT-біліктілік саласында білім беру бағдарламасының сапасын арттыру;
- балалардың қосымша білімдерінің техникалық бағытын дәріптеу;
- педагогикалық ұжымда жағымды инновациялық орта жасау, кәсіби қызметтің стереотиптерін жеңу.

3. КОНКУРС БАҒЫТТАРЫ

3.1. Бағыт: 3D-модельдеу

Бұл бағыт бойынша Конкурсқа қатысушылар оқу материалының жиынтығын, нысанның үш өлшемді моделін жасау бойынша әзірленген зертхана жұмыстарын, ірі нысандарды модельдеуді, мектеп оқушыларының 3D-модельдеу үшін қолданылатын бағдарламаларда модельдеу және жұмыс істеу дағдыларын меңгеру үшін объектілердің көрнекі көлемді бейнелерін әзірлеу, қосымша парақтармен жұмыс істеуді, 3D-кеңістікте орын ауыстыруды ұсынады.

Оқушылардың зерттеу, жоба жасау қызметі және ғылыми-техникалық шығармашылығы кіретін құрылымдау, модельдеу саласы бойынша инновациялық білім ортасын құру құпталады.

3.2. Бағыт: Бағдарламалау

Бұл бағыт бойынша Конкурсқа қатысушылар визуалды бағдарламалау, ұялы қосымшаларды және оқу модулі мен курсына анимация жасау бойынша IT-сынып үшін цифрлық форматта әзірленген сабақ ұсынады.

3.3. Бағыт: Робототехника

Бұл бағыт бойынша Конкурсқа қатысушылар пәнаралық интеграция қолданылып жасалған робототехника бойынша әзірлеген сабақ ұсынады.

Барлық бағыттардағы конкурстық жұмыстарда оқытылатын тілде сабақ жоспары, демо-сүйемелдеу, қатысушылардың біліктілігін бағалау критерийлері, сабақ жүргізуге ұсыныстар, бақылау-өлшеу материалдары болу керек.

4. КОНКУРС ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1. Конкурсқа өз пәнін оқытуда IT-біліктілікті жүзеге асыратын жалпы білімдік пән педагогтары, соның ішінде жас мамандар білім беру мекемелеріндегі еңбек өтіліне қарамастан қатыса алады.

4.2. Конкурс шарттары Конкурс жұмысы мен өтінімінен тұратын Конкурстық материалдар пакетін тапсыруды қарастырады.

4.3. Конкурс туралы ақпарат ШҚО білім басқармасының www.bilimvko.gov.kz сайтында және www.bilimvkoportal.kz білім порталында орналасқан.

5. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

5.1. Конкурс 2020 жылғы 3 ақпаннан 3 сәуірге дейін сырттай үлгіде өткізіледі. Материалдар тақырыбы бағыттарға сәйкес шектелмеген, алайда материалдар жалпы білімдік сипатта болып, жалпы ғылыми фактілерге, этикалық нормаларға және заңнамаларға қарама-қайшы келмеу қажет.

5.2. Конкурстық жұмыстар авторлық болуы шарт, яғни тікелей Конкурсқа қатысушы өзі жасау керек.

5.3. Конкурстық өтінімдер 2020 жылғы 6 сәуірден 17 сәуірге дейін қарастырылады;

5.4. Өтінімдер konkurs2017_vko@mail.ru электрондық пошта арқылы қабылданады.

5.5. Конкурсты қорытындылау және жеңімпаздарды анықтау «IT-білім беру – болашаққа қадам» 8-ші өңіраралық фестивалінде өткізіледі.

5.6. Конкурс қорытындысы ШҚО білім басқармасының www.bilimvko.gov.kz сайтында және www.bilimvkoportal.kz білім порталында жарияланатын болады.

6. ҰЙЫМДАСТЫРУ-ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

6.1 Жұмыстың демо-сүйемелдеуін Power Point немесе ActivInspire бағдарламаларында жасау және келесілерді көрсету ұсынылады:

6.1.1 концепция;

- 6.1.2 конкурс жұмысының өзектілігі және әлеуметтік маңыздылығы;
- 6.1.3 жобаны қолдану аясы (әдістер, педагогикалық технологиялар және т.б.);
- 6.1.4 жобаның мақсаттары мен міндеттері;
- 6.1.5 жүзеге асыру жоспары;
- 6.1.6 күтілетін нәтижелері;
- 6.1.7 нәтижелілік индикаторлары мен көрсеткіштері;
- 6.1.8 әдістемелік қолдау;
- 6.1.9 бақылау-өлшеу материалдары (тесттер, квесттер, викториналар, сөзжұмбақтар т.б.)

6.2 Конкурс байқауы сырттай үлгіде жүргізіледі.

6.3 Авторлық мультимедиялық жобаларды кез келген бағдарламалық құрылғылармен, сонымен қатар ActivInspire бағдарламасымен орындауға болады. Олар келесі талаптарға сәйкес ұсынылады:

6.3.1. формат және бейненің ұлғаюы – AVI, WMV, MPG, MOV, MKV, FLV, MP4, анимациялар – SWF, EXE, презентациялар – PPT, PPTX, PPS, PPSX, PDF, WEB-жоба; бейне көлемі 1 Гб-тан, презентация 15 Мб-тан, 3D-жобалар 1 Гб-тан кем болмауы керек;

6.3.2. жұмыс кезінде стандарттық Windows құрамдауында жоқ шрифт қолданылса, аталған шрифттар қосымша ұсынылуы қажет.

7. КОНКУРСТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

7.1 Конкурстың ұйымдастыру комитеті:

7.1.1. Конкурсқа жалпы басшылықты жүзеге асырады;

7.1.2. Конкурстың сарапшылық кеңесін (қазылар алқасын) құрады және жетекшілік етеді;

7.1.3. Жобаларды бағалау критерийімен келіседі;

7.1.4. Конкурсқа ұйымдастыру-әдістемелік қолдауды жүзеге асырады;

7.1.5. Конкурс нәтижелерін бекітеді, Конкурс жобаларының авторын марапаттау туралы ұсыныстарды келісуді жүзеге асырады.

Конкурс сарапшылары тәуелсіз мамандар, яғни ғылыми дәрежесі, атағы бар, ғылыми, білім беру мекемелерінің және өндірістік кәсіпорын қызметкерлері, бизнес және қоғамдық мекеме өкілдері бола алады.

8. КОНКУРСТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ТӘРТІБІ

8.1. Конкурс жеңімпаздарын анықтау 2020 жылғы 17 сәуірге дейін жүзеге асырылады. Әр бағыт бойынша Конкурс жеңімпаздарының санын ұйымдастыру комитеті бекітіледі. Педагогикалық қызметкерлердің жобалары (идея, технологиялары) сарапшы кеңесінің ең жоғары жиынтық балын жинаса, оларға дипломдар табысталады. Конкурс жеңімпаздары мен номинаттары 8-ші өңіраралық «Jastar time» IT-фестиваліне қатысады. Жеңімпаздар дипломдармен, сертификаттармен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталады.

8.2. Ұйымдастыру комитеті мен сарапшылар кеңесінің жобаларды дайындау кезінде жоғары нәтижелер көрсеткен қатысушыларды марапаттау үшін Конкурсқа қосымша номинациялар енгізуге құқылы, сонымен қатар үздік жобалар ШҚО білім басқармасының білім порталының «Конкурстар» бөлімінде орналасады.

Директор орынбасары

Директор орынбасары



Б. Козыбаева

Б. Кажобекова

Конкурс туралы ереженің

№ 1 қосымшасы

«Болашаққа қадам» конкурсына қатысу

өтінімі

1. Конкурс жұмысының авторы (аты-жөні)

2. Конкурс жұмысының аты

3. Конкурс жұмысының қысқаша сипаттамасы (үш сөйлемнен артық емес)

4. Білім беру ұйымы (атауы, мекенжайы)

5. Лауазымы

6. Конкурсқа қатысушы туралы қысқаша ақпарат (байланыс телефоны және e-mail)
